

**АДАМЗАТ
ТАРИХЫНДАҒЫ
МИССИОНЕРЛІКТІҢ
ҚАЛЫПТАСУ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Қазақстандағы тәуелсіздік жылдарынан бастау алған «діни сананың жаңғыру» үдерісі қазақстандық қоғам үшін маңызды болып табылатын белсенді қоғамдық дискурсты қалыптастырды. Саясат, публицистика, ғылым, білім мен қоғамдық саладағы «зайырлылық» пен «діни» ұғымдарының тепе-тендігі, дәстүрлі конфессиялар құрылымы, деноминациялардың әлеуметтік доктриналарды жасап шығаруы, діни топтар мен ұйымдардың іс әрекеттерінің заңға қайшы келмеуі сияқты мәселелер кеңінен талқыға түсті.

2011 ж. қабылданған Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» заңы, мемлекетіміздің зайырлылығын негізге ала отырып, тарихи даму барысында қалыптасқан дәстүрлі ислам мен православие діндерінің мәні мен маңызын ерекше екендігін атап көрсетеді. Сөйте тұра, елімізге жат, дәстүрлі емес, ұлттық қауіпсіздігімізге қауіп төндіретін діни ұйымдар мен бірлестіктер қызметін бақылауда ұстау, кей жағдайда шектеу қажеттілігіне баса назар аударады. Сол себепті, миссионерлік қызметті, миссионерлік ұғымын, оның пайда болу және қалыптасу тарихын, сенушілерді қатарына тарту әдістері мен технологияларын зерттеу, қазақстандық қоғамның діни айқындалуы үдерісінде зор маңызға ие. Қазақстандағы діни қозғалыстардың қызметін дінтанулық тұрғыдан талдау үшін, олардың миссионерлік тәжірибесін, миссионерлік қызмет әдістеріндегі заңдылықтар мен жаңа бағыттарды зерттеу өзекті болып табылады.

Бүгінгі таңда, протестанттық ұйымдардың миссионерлік қызметін батыс өркениетінің тікелей бағытталған мәдени-әлеуметтік ықпалы деп бағалауға болады. Миссионерлік қызмет нәтижесінде еліміздің түрлі аймақтарында этноконфессионалды құрылым өзгеруде. Дәстүрлі емес діни ұйымдар мен бірлестіктердің дамуына жағдай жасаған мемлекеттерді қолдауға бағытталған этносаяси ұстанымдар қалыптасуда. Осыған байланысты, миссионерлік қызметті ұлттық қауіпсіздікті сақтау мәселесі аясында қарастыру маңызды.

Аталған тақырыпқа байланысты әдебиеттер мен зерттеулерге көз жүгіртер болсақ, миссионерлік ұғымы, миссионерлік қызмет және миссионер ұғымдары христиан теологтары мен миссиологтарының, саясаттанушы, тарихшы ғалымдардың ең

бектерінде зерттелген. Дегенмен, миссионерлік ұғымын жан-жақты зерттеп, жүйелі түрде, дінтанулық тұрғыдан кешенді жасалған жұмыс жоқтың қасы деп айтуға болады.

Миссионерлік (латын тілінен аударғанда «missio» – тапсырма, посылка) – діни қызметтің маңызды түрлерінің бірі, әсіресе әлемдік деп аталатын діндермен байланысты пайда болған ұғым [1].

«Миссионерлік» терминіне тікелей көңіл бөлетін болсақ, зайырлы бағытты ұстанған авторлардың түсіндірмелерінде миссионерлік түсінігі белгілі бір сынға ұшырады. Мәселен, кейбір сөздікте «миссионерлік» ел ішінде және шет мемлекеттердегі өзге дін ұстанушыларының арасында дінді таратуға бағытталған шіркеу ұйымдарының қызметі және отарлау кезеңінде белең алған идеологиялық экспансия формаларының бірі ретінде сипатталады.

Кейіннен, миссионерлік ұғымына қатысты сипаттаманың мазмұны жұмсарып, отарлау саясатының құралы ретінде қараумен қатар, оның гуманистік, адамгершілік бағытта әрекет еткені жөнінде айтыла бастады. Бұл әсіресе, Үшінші әлем елдеріне көмек көрсету және қайырымдылық қорларының жұмысы нәтижесінде көрініс тапты. Миссионер отбасылары Африка мен Азияның шалғай жатқан, тұрмыс тіршілігі нашар аймақтарына қоныс аударып, білім беру ісімен, тегін медициналық қызмет көрсетумен айналысты.

Конфессионалды әдебиеттерде «миссионер» ұғымы евангелизация үдерісін жүзеге асыруға, шіркеулер құруға және өз елінің немесе өзге елдің шеңберінде құлшылық етуге бағытталған діни бірлестік өкілдерін білдіреді. Осыған байланысты, мәселен, протестантизмде шетелдік және ұлттық миссионерлер деп бөліну бар екенін айтуға болады. Ұлттық немесе шетел миссияларының айырмашылығы ұстанымдар мен мақсаттарында емес, географиялық орналасуында болып тұр. Дін ілімі тұрғысынан алатын болсақ «миссионерлік қызмет» ұғымына төмендегідей анықтамаларды беруге болады:

1. Сенімді насихаттау (яғни діни құндылықтар жүйесін);
2. «Құдай патшалығы» идеясын тарату;
3. Пұтқа табынушыларды діни сенімге үндеу, тарту;
4. Жаңа шіркеулерді орнату [2].

Миссионерлік ұғымының тарих барысында, уақыт талабына сай өзгеріске ұшырау үдерісін жіті зерттеген христиан теологы Д.Бош миссионерлік қызмет ұғымына қатысты анық-

тамалардың пайда болғанына көп уақыт болмағанына назар аударады. XVI ғасырға дейін латын тілінің «missio» сөзі христиан дініндегі Үштік туралы ілімге қатысты, «Әке Баласын жіберді, ал Әке мен Бала Қасиетті Рухты жіберді» деген мағынада қолданылды. Христиан сенімін таратушылар қызметі «apostolatus» немесе «propagatio fidei» деп аталды. Шіркеу он бес ғасыр бойы «сенімді тарату», «Евангелиені насихаттау», «шіркеулерді құру», «халықтарды оқу-ағарту ісі» және басқалар сияқты анықтамаларды пайдаланды.

Миссионерлік ұғымына анықтама беру қиындығы жөнінде Д.Бош өзінің «Миссионерліктің өзгеруі, жаңаруы» атты еңбегінде айтады. Оның айтуынша, миссионерлік ұғымын анықтау мәселесімен бірге, оны сынау тенденциясы белең алды. Д.Боштың пікірінше, миссионерлік – күәлік, қызмет, әділеттілік, біріктіру, босатылу, бейбітшілік, ізгі хабар, шіркеулерді құру және т.б көптеген ұғымдардан тұратын көп қырлы құбылыс [3].

Миссионерлік, миссия ұғымдары ғылыми қолданысқа христиан дінінің категориалды аппаратынан алынғаны белгілі. Сол себепті бұл терминдерді қарастырғанда, батыста қалыптасқан дәстүр аясында қолданған дұрыс. Миссионерлікпен қатар миссия, миссионер, миссиология және миссионерлік қоғам ұғымдары кеңінен зерттеуді қажет етеді. Теологиялық әдебиеттерде «миссия» сөзі – грек тілінен аударғанда, қасиетті апостолдық дегенді білдіреді. Апостолдық Шіркеу құрылған кезінен бастап, өзінің құлшылық етуінің көрінісі ретінде миссияны алдыңғы қатарға шығарады. Миссия – Шіркеудің тірі игілікті ағзасының құдайлық ілім нұрымен ағартылмаған әлеммен жанасатын шіркеу өмірінің бір бөлігі [4].

«Миссия» сөзінің жаңа мағынасы батыс империялық державалардың жаңа территорияларды «жаулап алудың» басталу кезеңінде пайда болды. Шалғайда жатқан колонияларға шіркеу өкілдерін «жіберу» құқығы аса маңызды болғандықтан, бұл осы елшілердің атаулары мен атқарып жатқан қызметін белгілеу мәселесінде де көрініс тапты. Олардың жұмысы «миссия», ал олардың өздері «миссионерлер» деп аталды. «Миссионер» сөзінің астарында миссияны орындауға жіберуші, миссияны орындаушы және қойылған міндетті орындаушы деген түсініктер жатыр.

Уақыт өте келе, батыста миссия атауына саяси және дипломатиялық елшіліктер ие болды. XVIII ғ. православ шіркеуінде «рухани миссия»

лар» қалыптасты. Алғашқы орыс рухани миссиясы 1713 ж. құрылған Қытай (Пекин) миссиясы болды. XIX ғ. аяғында «миссия» сөзінің мағынасына «өкілеттілік», «борыш» және «ерекше міндет» деген ұғымдар қосылды.

XX ғ. барысында миссия ұғымы мағынасының тереңдеп, кеңейе түсуімен байланысты келесі мазмұндағы анықтамалар пайда болды:

1. миссионерлік қызметті атқарушы ұйым;
2. миссионерлік;
3. миссионерлік мақсаты [5].

Миссионерлік – діни ұйымдар мен шіркеулер қызметінің түрлерінің бірі, олардың мақсаты өзге дінге сенушілерді өз дініне тарту және шіркеуден бөлініп кеткендерді қайта оралту. Шын мәнінде, миссионерлік әлеуметтік топтар мен үкіметтің саяси мақсаттарын жүзеге асыруға ықпал етеді.

Сонымен қатар, христиан дінінде миссиялар мен олардың қызметін, яғни миссионерлікті зерттеуге арналған «миссиология» атты академиялық, діни ілім пәні қалыптаса бастады.

Миссиология ілімінің нысаны Үш тұғырлы Құдай арқылы жүзеге асырылатын, адамзатты құтқару туралы Ізгі хабарды жеткізудің түрлері мен әдістері, сонымен қатар Шіркеудің евангелизация бойынша қызметі және оны іске асыру жолдары болып табылады. Миссиология – миссиялар, миссионерлік тарих, миссионерлік ой және миссионерлік әдістер туралы ғылым. Миссиология ілімі тарихи және діни ілімдік пәндерге сүйенетін кең ауқымды аналитикалық зерттеулерден құралған [6].

Протестанттық миссиологияның негізін салушы Г.Варнек (1832-1910 жж.) миссионерлік қызметті ғылыми тұрғыдан зерттеуді алғаш рет ұсынды. Оның «Евангелиялық миссиология», «Реформациядан қазіргі кезеңге дейінгі протестанттық миссиялар тарихы» және т.б. еңбектері белгілі.

Миссионерлік ұғымымен байланысты, кейінгі кезде ғылыми айналымда «прозелитизм», «діни конверсия» терминдері қолданылады. Прозелитизм сөзі («proselytize» ағылшын тілінен аударғанда – өзінің сеніміне тарту, өз жағына тарту) христиандықта басқа діни конфессиядан немесе пұтқа табынушылықтан белгілі бір христиан конфессиясына ауысу. Дегенмен, прозелитизмді христиан шіркеулері қолдамайды, бірақ, сөйте тұра прозелитизм ұғымы миссионерлік қызмет мазмұнын анықтайды. Ғылыми әдебиеттерде «прозелитизм» сөзі діни ұйымдардың миссионерлік қызмет арқылы ықпал ету аумағының ұлғаю стратегиясын білдіреді.

Этимологиялық тұрғыдан «конверсия» сөзі (лат. *conversio*) «түбегейлі өзгеру, төңкеріс», «бағыттың өзгеруі» мағынасын білдіреді. Әрбір доктрина (діни немесе саяси) өзінің сенушілерінен толық және абсолютті бағынуды талап етеді, өзін әмбебап, яғни миссионерлік дін ретінде көрсетеді. Ол уағыз бен апологетиканы, кейде өзінің ақиқаттылығына сенімді болып, күшпен мәжбүрлеу арқылы өзіне тартуы мүмкін. Конверсия мен миссия арасындағы байланыс буддизм дінінде байқалады, бірақ, бұл әсіресе христиандық пен ислам дінінде айқын көрініс табады [7].

Буддизмдегі конверсия ұғымы көбінесе, «ағару, нұрлану, сананың түбегейлі өзгеруі» ұғымдарымен байланысты. Яғни буддизм дінін ұстанған адамның санасы, дүниетанымы түбегейлі өзгереді. Ал христиандық пен исламдағы конверсия (дінге келу) себептеріне келер болсақ, күшпен мәжбүрлеу, жаңа саяси режимнің орнауы, бір құдайлық дін болумен (бұл пұтқа табынушылық және примитивті діндерге қатысты) байланысты. Сонымен бірге, христиан дінінде конверсия қайырымдылық және бауырластық қауымдарының тартымдылығы, әйелдердің қоғамдағы жаңа рөлін ескеріп, дінге үндеу және түрлі әдіс-тәсілдердің қолданылуымен сипатталады. Ислам дініндегі конверсия мұсылманның салықтан босатылуы, сауда байланыстары, неке және суфийлік рухани практикалар арқылы мистикалық, сенушілерді қажеттіліктеріне сай трансцендентті тәжірибемен қамтамасыз ету нәтижесінде жүзеге асады [8].

Миссионерліктің адамзат тарихы барысында қалыптасу кезеңдеріне тоқталмас бұрын, миссионерлікті, яғни Құдайдан келген ізгі хабарды жеткізуді мақсат ететін діндерге қандай діндерді жатқызамыз, осыны анықтап алуымыз қажет.

XIX ғ. дінтану ғылымының негізін салушылардың бірі Ф. Макс Мюллер, 1873 ж. 3 желтоқсанда Вестминстер аббаттығында оқыған дәрісінде, әлемдегі түрлі діндерді екі категорияға: миссионерлік және миссионерлік емес діндер деп бөлді. М.Мюллер алғашқысына буддизм, христиан, ислам діндерін жатқызса, кейінгісіне зороастризм, индуизм және иудаизм діндерін жатқызады [9].

Әрине бұл көзқараспен келісуге болады, себебі әлемдік діндердің мақсаты өзінің қатарына сенушілерді тарту болса, ал ұлттық діндер сенушілерді арнайы өз қатарына қосуды мақсат етпейді. Дегенмен, бұл жерде айта кететін жайт, индуизм мен иудаизмнің ұстанушылары, міндетті түрде белгілі бір кастаға немесе еврей

халқының өкілі болуы тиіс. Сол себепті аталған діндерді миссионерлік дін емес деген пікірмен келісуге болады. Әйтсе де, зороастризм дінін миссионерлік дін емес деу, қателік болар. Себебі зороастризмнің қалыптасу және таралу тарихы көрсеткеніндей, зороастризм дінінің элементтері Орталық Азия, Иран және Қазақстан территорияларында кездеседі. Өз кезегінде, бұл зороастризм дінінің таралу аумағының кең екендігін көрсетеді. Аталған жайттарды қарастыра отырып, «миссионерлік» ұғымының әлемдегі барлық діндерге тән еместігін анықтауға болады.

Жоғарыда аталған, М.Мюллердің классификациясына сүйене отырып, біз әлемдік діндердің миссионерлік қызметінің тарихына қысқаша тоқталып кетуді жөн көрдік.

Б.д.д. 3 ғасырдан бастап, кезбе монахтар буддизм дінін тарата бастады, Буддизм таратушылары Үндістанмен шекаралас елдерде, сонымен бірге Оңтүстік, Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азияның алыс аймақтарына да жетті. Будда монахтары қоғамның барлық қабаттарымен жұмыс жасап, халық арасында ағарту жұмыстарын жүргізді. Монахтар буддизм дінін таратқанда жергілікті діни сенімдермен араласып, олардың ғұрыптарын өздеріне сіңіріп өзгертті. Буддизм діні, Ұлы Жібек жолы арқылы Қазақстан территориясында да кеңінен тарағанын тарихтан білеміз. Зерттеушілердің пікірі бойынша буддизмнің Үндістаннан Қытайға тарауы, Орта Азия мен Қазақстан арқылы өтті. Буддизмнің Орталық Азия, Шығыс Түркістан және Қытай жеріне таралуына орта азиялық діндарлар мен миссионерлер, оның ішінде кангюйлер, соғдылар ықпал етті. Бүгінгі таңда да әлемнің түрлі елдерінде буддизм өзін белсенді миссионерлік дін ретінде көрсетуде. Бұған, буддизмнің Шри-ланка, Бирма, Тайланд, Камбоджа, Лаос, Вьетнам, Тибет, Қытай, Монғолия, Корея, Үндістанның кейбір бөліктерінде, Пакистан және Непалда таралуы дәлел бола алады.

Ал, христиан миссионерлігі б.д. 4 ғасырында пайда болып, 13-16 ғ.ғ. Үндістан, Қытай, Жапонияға дейін тарады. Шығыс Еуропаға католик ағымының келуі, германдық идеологиялық экспансияның ықпалынан болды. Католик шіркеуінің миссионерлігі 15-16 ғ.ғ. испандық және португалдық отаршыл империялардың қалыптасуынан кейін белсенді бола бастады. Миссионерлік отарлау саясатын жүргізетін мемлекеттерге жаңа жерлерді жаулап алуға көмектесті. Католиктік миссионерлікті басқару үшін папа Григорий XV ғ. 1622 ж. сенімді насихаттау Конгрегациясын (1967 ж. бастап халықтарды евангелизациялау Конгрегациясы) құрды. Бірқатар

елдерде католиктік миссионерлік қоғамдар құрылды. Олардың ішінде иезуиттер, францискандықтар, бенедиктер, доминикандықтар және т.б. ұйымдары кеңінен тарады. Кейіннен, нидерланды мен Ұлыбританияның отарлау саясатына байланысты, осы елдердегі протестанттық ұйымдар миссионерлік қызметін дамыта бастады. 19 ғасырдың басында АҚШ-та миссионерлік ұйымдар пайда болды, сонымен бірге әлемді бөліп, жаулап алу кезеңінде миссионерлік белсенді бола бастады [10].

Жоғарыда айтылған М.Мюллердің классификациясына сүйенсек, ислам діні де миссионерлік дін болып табылады. Оның өкілдері дінге тарту ісінде белсенділік көрсетеді. Ислам діні өзінің пайда болған кезеңінен бастап, өзге елдерді жаулап алу арқылы, діни идеяларды кеңінен тарата бастады. Христиандар мен иудейлерді Қасиетті Жазу адамдары деп мойындағандықтан, олардың сенімдеріне төзімділік танытқан. Қазақстан жерінде ислам дінінің тарауына Қ.А.Яссауидің сопылық ілімінің ықпалы зор болды. Сопы, дәруіштер ел аралап жүріп, дін тарату ісімен айналысты. Сонымен бірге, ислам дінінде «дағуат» ұғымы бар, араб тілінен аударғанда «міндет, борыш» немесе «шақыру, үндеу» дегенді білдіреді. Бұл термин мұсылмандардың миссионерлік қызметін немесе исламға шақыруды, уағыз жүргізуді білдіреді. Қазіргі кезде мұсылман миссионерлігі әлемнің барлық елдерінде, әсіресе Батыс елдерінде кеңінен көрініс табууда [11].

Миссионерлік қызметті зерттеу маңыздылығы, бүгінгі таңдағы елімізге жат, дәстүрлі емес діни ұйымдар мен бірлестіктердің сенушілерді өз сенімдеріне тарту жолындағы белсенді жұмысымен байланысты. Осы ретте миссионерлік қызмет әдістері мен технологияларын жан-жақты зерттеу жүргізудің өзектілігі арта түседі.

Бүгінгі таңда, халықаралық миссионерлік ұйымдар телекоммуникациялық спутниктік технологиялар мен жаһандық компьютер желілерін қолдануға көңіл бөледі. Себебі аталған құралдар көптеген территорияларға тарайды және оларды бақылау қиынға соғады.

Жат пиғылды ағымдардың миссионерлік қызметінің маңызды мақсаты мемлекеттік білім беру, әкімшілік, қауіпсіздік сияқты стратегиялық маңызы бар объектілерге кіріп, өз құндылықтық бағдарларын халық санасына ендіру болып табылады. Бұл, өз кезегінде мемлекеттік, мәдени, діни және азаматтық бірегейлікпен байланысты мәселелерді туындатады.

Миссионерлік стратегияның негізгі элементтерінің бірі, белгілі бір әлеуметтік топтарды бөліп алып, солармен жұмыс жасау болып та-

былады. Мұндай миссионерлік тәжірибе ресми түрде тіркелмегенімен, көптеген конфессияларда жүзеге асырылады және ұйымға қажетті нәтижеге қол жеткізуге септігін тигізеді. Христиан миссиологы Д. Мак-Гавранның айтуынша, «қоғамның белгілі бір сегменті үшін христиан діні «біздің» дінге айналғанда, қоғамға белсенді ықпал ету мүмкіндігі пайда болады».

Миссионерлік стратегияның тағы бір элементі діни қауымдар санын ұлғайтуға ұмтылу. Миссионерлердің пікірінше, дінді ұстанушылар мен жаңа шіркеулердің пайда болуы арасында тікелей байланыс бар. Д. Монтгомери осыған байланысты былай дейді: «Шіркеулерді көбейту стратегиясы – бұл тек сәтті теория немесе теологиялық доктрина емес. Бұл ең алдымен халықты дінге тартудың нағыз жолы». Оның ойынша, бүкіл әлемдік евангелизацияның бағдарламалары мен стратегияларында миссионерлік қызметтің нәтижелері мен қорытындыларының ішінде жаңа шіркеулерді құру мәселесі болуы тиіс.

Миссионерлік стратегияның айрықша маңызы бар міндеті, белгілі бір мемлекет аумағында миссионерлік қызметті атқаруға керекті, түйінді аудандарды, яғни миссионерлік алаңды табу болып табылады. Р. Аллен өзінің «Апостол Павел кезеңіндегі және бүгінгі таңдағы миссионерлік әдістер» атты кітабында алдыңғы буын өкілдерінің тәжірибелеріне сүйене отырып, осы міндетті миссионерлік тәжірибедегі ең басты, негізгі деп көрсетеді. Оның пікірінше, апостол Павел, өзі өмір сүрген кезеңдегі танымал сауда орталығы болып табылатын жерлерде шіркеулер құрған.

Жаһандық деңгейде кең көлемді миссионерлік жобаларды жүзеге асыру үшін бүтін бір елдер немесе Жер шарының аудандары есепке

алынады. Миссионерлік ұйымдардың анықтама-лықтарына қарасаңыз «10-40 терезесі» ұғымын кездестіруге болады. Африканың батыс Атлантикалық жағалауынан Орта Шығыс пен Азия арқылы өтетін, Тынық мұхиты арасындағы ендіктің 10 және 40 градустары аталады. Осы аталған аймақ миссионерлік қызметті жүргізудің нысаны болып табылады. «10-40 терезесі» конфуциандық және исламдық өркениеттерді де қамтиды [2, С. 76].

Бүгінгі таңда, кейбір батыс зерттеушілерінің пікірінше, христиан миссионерлігін Үшінші әлем елдерінің өскелең ұрпақтары үшін батыс колониализмінің, империализмінің символы ретінде сипаттауға болады.

Сонымен қатар, псевдоисламдық ұйымдардың ел аумағындағы миссионерлік қызметі ерекше бақылау мен зерттеуді қажет ететіні айтпаса да, түсінікті. Бұл ұйымдар жоғарыда аталған әдістерді өз қажеттіліктеріне сай пайдаланады. Олардың мақсаты еліміздің мемлекеттілігіне нұқсан келтіру, азаматтарымыздың діни, мәдени бірегейлігін жою. Экстремистік бағыттағы үгіт-насихат жұмыстары арқылы, жастар санасын улау болып табылады.

Қорыта айтқанда, қоғам мүшелерінің діни санасын қалыптастырудағы миссионерліктің әсерін, еліміздің тарихындағы миссионерлік арқылы келген экспансия, рухани дағдарыс, діни мәңгүрттік мәселесі, қазіргі уақыттағы дәстүрлі және дәстүрлі емес діндердің миссионерлік қызмет ерекшеліктері, олардың түпкі мақсаттарын айқындаудың қоғамдық маңызы зор. Миссионерлік қызметке дінтанулық талдау жасау, Қазақстандағы дінтанулық ғылымның дамуына тікелей үлес қосады.

Әдебиеттер

- 1 Медведев А.В., Сакральное как причастность к абсолютному. – Екатеринбург: «Банк культурной информации», 1999 г. – С. 76-79. // <http://vikent.ru/enc/5631/>.
- 2 Трофимчук Н.А., Свищев М.П. Экспансия // Кафедра религиоведения РАГС при Президенте РФ. – М., 2000. – 218 с.
- 3 Бош Д. Преобразование миссионерства: сдвиги парадигмы в богословии миссионерской деятельности. – СПб.: «Библия для всех», 1997. – 640 с.
- 4 Том, часть: 1 Автор: В.М. Чернышев. – СПб.: Издательство имени святителя Льва, папы Римского, 2010//<http://lib.kdais.kiev.ua>.
- 5 Открытая православная энциклопедия // drevo-info.ru.
- 6 Миссиология: учебное пособие. – Изд. 2-е, исп. и доп. – М.: Миссионерский отдел Русской Православной Церкви, 2010. – 400 с. // <http://lib.kdais.kiev.ua>.
- 7 Адо П. Духовные упражнения и античная философия / пер. с франц. при участии В.А. Воробьева. – М.; СПб. Изд-во «Степной ветер»; ИД «Коло», 2005. – С. 199-211. // ec-dejavu.ru/c-2/Conversion.html.
- 8 Льюис Р. Рэмбо И. Фарадиан Обращение / пер. с англ. Л.А. Ардашевой. – 2013. // <http://religious-life.ru/2013/06/conversion/>.
- 9 Prof. Arvind Sharma Problematizing Religious Freedom. – 2011 г. Источник: <http://www.springer.com/series/6958>.
- 10 Большая советская энциклопедия // <http://bse.sci-lib.com/article076971.html>
- 11 Да'ва – Исламское миссионерство (статья от фонда Варнава) // <http://www.evangelie.ru/forum/t46035.html>.

References

- 1 Medvedev AV, Religious involvement as an absolute, Ekaterinburg, «Bank of cultural information,» 1999, p. 76-79. //http://vikent.ru/enc/5631/.
- 2 Trofimchuk NA, Svishehev MP Expansion / Department of Religious Studies RAPA under the President. – M., 2000. – 218 p.
- 3 Bosch D. Conversion of missionary work: a paradigm shift in the theology of missionary work. SPb .: «The Bible for All», 1997. – 640 s.
- 4 Tom, Part 1 Author: VM Chernyshev, 2010 St. Petersburg named Publisher of St. Leo, Pope //http://lib.kdais.kiev.ua.
- 5 Open the Orthodox Encyclopedia //drevo-info.ru.
- 6 Missiology: Textbook. 2nd edition, revised and enlarged. – M .: Missionary Department of the Russian Orthodox Church, 2010. – 400 p. //http://lib.kdais.kiev.ua.
- 7 Ado P. Spiritual exercises and ancient philosophy / Trans. with France. with the participation of VA Vorobyov. – M .; St. Petersburg. Publishing house «Steppe wind»; ID «Kolo», 2005, p. 199-211. //ec-dejavu.ru/c-2/Conversion.html.
- 8 Lewis R. Rambo IV Faradian Title / lane. from English. L.A. Ardashevoy. – 2013. // http://religious-life.ru/2013/06/conversion/.
- 9 Prof. Arvind Sharma Problematizing Religious Freedom. – 2011 Source: http://www.springer.com/series/6958.
- 10 Great Soviet Encyclopedia //http://bse.sci-lib.com/article076971.html
- 11 Da'wa – Islamic missionary work (article from Barnabas) //http://www.evangelie.ru/forum/t46035.html.